

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1404

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710\_ заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы".

Кіріспе алынып тасталсын.

Мәтіндегі "Жарлық", "Жарлыққа", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңға", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ету".

5-баптың 4-тармағындағы "мен олардың" деген сөздер ", олардың әскери қызметшілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның ведомстволары, аумақтық және өзге де ұлттық қауіпсіздік органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері, арнайы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдары құрайды."

8-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына басшылық жасауды жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады және оларды б а с қ а р а д ы ; "

8-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің жекелеген бағыттары бойынша оларға жүктелген міндеттерді іске асыру ү ш і н құ р ы л а д ы .

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, таратады және қайта ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

2) директорлар басқарады, оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңды тұлғалар болып табылады, нақты және шартты атаулары, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары, банктерде шоттары, негізгі қорлары болады."

10-1-баптағы "үкіметтік байланыс әскерлері мен басқа да әскерлерден құралады" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

1 2 - б а п т а :

7) тармақшадағы "мемлекеттік және әскери құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпия" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у г е " ;

17) тармақшадағы "мемлекеттік, әскери және қызметтік құпия" деген сөздер " мемлекеттік құпия" деген сөздермен ауыстырылсын.

17-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Әскери қызметшілерді ұлттық қауіпсіздік органдарының әрекет етуші резервіне есепке алу және олардың әскери қызметті өткеру тәртібін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы белгілейді."

20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен Комитет төрағасы ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына әскери қызметке алынғанға дейінгі еңбек қызметінің стажын қызмет өткерген жылдарына есептеуі мүмкін."

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті